

Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті 6-сынып

Қазақтың ұлттық қолөнері





***Сабақтың мақсаты: 6.2.2.1 -
тақырып бойынша диалогті бастау,
жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз
әдебі мен сөйлеу этикеті
формаларын білу;***

Сабақтың кезені/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p>	<p>Айтылым. Жаңа сөздерді оқу, қайталау. Сөйлемдер құрау.</p> <p><i>Ою-өрнек, сырмақ, бас, құрал-сайман, ер-тұрман, жиһаз, киімдігіш, әшекейлеген, жон, тұскиіз, кесте</i></p> <p>Айтылым. Сұрақтарға жауап беру.</p> <div data-bbox="357 715 1070 901" style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-top: 10px;"> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қолөнер» деген сөзді айтқанда ойыңа не келеді? 2. Қолөнер бұйымдарына не жатады? 3. Қазақ қолөнерінің қандай түрлерін білесің? </div>	<p>Оқушылар жаңа сөздерді оқиды, сөйлемдер құрайды.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың жауабына қарай бағалайды.</p>	<p>Слайд</p>

Айтылым.

Суреттерге қарап, өз ойыңды айт.

1. Суреттерде не бейнеленген?
2. Суреттердің бәріне ортақ нәрсе ретінде нені айтуға болады?
3. Суреттегі заттарды «өнер туындысы» деуге бола ма? Не себепті?



Оқылым.

Грамматикалық тақырыпты түсіндіру. Мысалдар келтіру.

ТІЛДІК БАҒДАР:

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі

Қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу тәртібі бар:

1. Бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады. Көбіне сөйлемнің басында келеді. Мысалы: Қолөнер (не?) дамыған.
2. Баяндауыш сөйлемнің соңында тұрады. Мысалы: Қолөнер дамыған (қайткен?).
3. Толықтауыш өзінің толықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Ыдыстарды (нелерді?) оюмен әшекейлеген.
4. Анықтауыш өзінің анықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Қазақтың (кімнің?) даласында қолөнер дамыған.
5. Пысықтауыш өзінің пысықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Қазақ даласында (қайда?) қолөнер дамыған.

Сурет бойынша өз ойларын айтады.

Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бірі бағалайды.

Электронды оқулық, суреттер

Грамматикалық тақырыпты түсінеді. Мысалдар келтіреді.

Мұғалімнің бағалауы.

Сабақтың
соңы

Жазылым.

Сөйлемдегі шатасқан сөздерді орын тәртібіне сай жаз.

Әшекейледі Алуа бұйымдарын ою-өрнекпен қолөнер. Дана киіз басып, жасады сырмақ. Түрлі түсті жіппен кестеледі тұскиізді Зере. Олар дайындаған көрмеге қойды заттарды.

Сөйлемдегі шатасқан сөздерді орын тәртібіне сай жазады.

Оқушылардың жауаптарына сәйкес бағалау жүргізіледі.



*Сау
болыңыздар!*